

Н ТУЫ

ҚАЗАҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
І ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

25 апрель Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жергілікті өнеркәсіптің және кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері! Жергілікті шикізаттан көпшілік қолды товарларды көп шығарындар! Бұйымдардың өзіндік бағасын арзандатындар, олардың сапасын жақсартындар! Еңбекшілердің тұрмыс қажетін жақсы өтеңдер!

(БК(б)П Орталық Комитетінің, 1952 жылғы Бірінші Майға арнаған ұрандарынан).

рдің оқуы ЫН

ра жатқандығына қара-
ра агрономиялық топ-
раммасы күні бүгінге
ады, сөйтіп, ондай топ-
жұмысы деркесінде бас-
олхозшылардың оқуын
оларды агробиологиялық
старымен және озат егін-
тәжірибелерімен таныс-
және Конюхов ауданда-
совет ұйымдары мен
ің орындары, сол сыяқ-
ашылығының мамандары
лыққа жол беріп келеді.
ауданында күні бүгінге
жүктелген міндетті іске
жүрген мамандар да
йды. Осының салдары-
бірталай топтарда оқу
ртылап та орындалған
агрономиялық және зоо-
мдерін көтеру арқылы
шаруашылығы жұмыс-
етін арттырудың маңы-
данының партия, совет
сыяқты, колхоздарының
бағаламады, олар бұл
-күн мықтап шұғылдана-
лып қойды. Аудандарда-

Облысымыздың егіс даласында

Дала жұмыстарының озаттары

Соңғы күндері Соголов ауданындағы
Берошилов атындағы колхозда көктемгі
дала жұмыстары жан-жақты жүргізіле
бастады. Осының арқасында мұнда бұл
күнге дейін пар мен зябті ерте тырма-
лау, күздік дақылдарға үстеме қорек
беру жөнінде бірқатар жұмыстар істелді.
Оларды атап айтсақ, 7 гектар пар мен
зябь тырмаланды және бірнеше гектар
күздік егіс тыңайтқыш заттармен үстем
қоректендірілді.

Осы жұмыстарды бір-бірімен ұштас-
тыра жүргізумен бірге, колхоз егіншілері
егістік алаңды іріктеп жырта бастады.
Кәзір мұнда 40 гектарға жуық жер
жыртылды.

Колхоз мүшелері мал азығын дайын-
даудың қамын да осы күннен ойласты-
рып жатыр. Жоспар бойынша үстіміздегі
жылы мұнда біржылдық және көпжыл-
дық шөп егу көп көлемде жүргізілмек.
Бұл міндетті жүзеге асыруға колхозшы-
лар кәзірден бастап кірісті. Олар 18
гектар жерге біржылдық мал азығындық
шөп екті.

Жер жыртуға «Дозор Ильича» колхо-
зы да кірісті.

Осымен қатар, күздік егісті үстем

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша халық шаруашылығы жоспарының 1952 жылғы бірінші тоқсанда орындалу қорытындылары туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық Санақ Басқармасының

Х А Б А Р Ы

1952 жылғы бірінші тоқсанда өнеркәсіптің өркендеуі
және товар айналымының өрістетілуі мынадай мәліметтермен
сипатталады:

I.

Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі өнеркәсіптің жал-
пы өнім мөлшері 1951 жылғы бірінші тоқсанмен салыстыр-
ғанда 1952 жылдың бірінші тоқсанында 126 процент болды.

1952 жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіптің жалпы
өнім өндіру жөніндегі жоспары 103 процент орындалды.

1952 жылдың бірінші тоқсанында облыс өнеркәсіп орын-
дарында жалпы өнім өндіру жөніндегі жоспар мынадай болып
орындалды:

Төқсандық жоспардың орындалу проценті	
104	Шағын двигательдер заводы
103	Ет комбинаты
108	«Главмука» завод басқармасының үн заводтары
	Оның ішінде:
102	№ 9 үн заводы
150	№ 10 үн заводы
108	№ 11 үн заводы
110	«Сельхозмука» завод басқармасының диірмендері
	Оның ішінде:
172	Петропавлдың № 2 диірмені
92	Мамлют диірмені
45	Красноярск диірмені

72	«Деревообделочник»
40	«Трикотажник»
120	«Труд»
109	«Галантерейщик»
84	«Красный кирпич»
84	«Светлый луч»
106	«Ишим»
79	«Защитник Сталинграда»
121	«Красная звезда»
88	Иланов атындағы
163	«Пламя»
54	Биров атындағы
79	«Қазақ ССР-нің 15 жылдығы»
42	«Друг кооперации»
121	«Керамик»
99,8	Облыстық мүгедектер кооперациясы одағы
	Оның ішінде артельдер:
110	«Қазақ ССР-нің 10 жылдығы»
84	«Ударник»
107	«9-май»
86	Панфилов атындағы
117	«Красный партизан»
103	«Охотник»
101	«Пищевик»
	Жалпы өнім шығару жөніндегі тоқсандық жоспардың орындалу проценті

атындағы, Пушкин атындағы ауылшаруашылық артельдеріндегі зоотехникалық топтарда да емтихан басталды.

Оқу программасын Преснов ауданындағы «Победа» және Сталин атындағы, сол сияқты, Совет ауданындағы «Еркіндік» ауылшаруашылық артельдеріндегі агрономиялық топтардың да ойдағыдай орындап шыққандығы, колхозшылардың социалистік жер шаруашылығының мәдениетін көтеру әдістерімен едәуір дәрежеде таныстырылғандығы, сөйтіп, көзір бұларда көктемгі дала жұмыстарының қызу қарқынмен өрістетілгендігі қуанаарлық-ақ іс.

Колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің үшжылдық агрозоотехникалық курстарының оқу программасы бойынша агрономиялық топтарда оқу үстіміздегі айда, ал, зоотехникалық топтарда келесі айларда аяқталуға тиіс еді. Бірақ, уа-

дің жұмысындағы негізгі мәселе деп қарайтын мерзім жетті. Әңгіме, курс тыңдаушыларынан емтихан алатын комиссиялардың құрылуы, программа бойынша өтілген материалдардан пысықтау сабақтарының, консультациялардың ұйымдастырылуы, емтиханға әзірлік кезінде оқытушылардың тыңдаушыларға тынбай көмек көрсете білуі жөнінде болып отыр.

Ауыл -село еңбекшілерің, сол сияқты, совхоз қызметкерлерін советтік агробиологиялық ғылымның табыстарымен және озат тәжірибелермен қаруландыруға барлық күшті жұмылдыру, ол үшін, еңалдымен, үшжылдық курстарда оқу жылының ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз ететін барлық шараларды қолдану —жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындарының, ауылшаруашылық мамандарының бүгін таңдағы басты міндеті, міне, осы.

—00—

Май мерекесі құрметіндегі жарыс

Май өндірушілер тартуы

ПРЕСНОВКА. Новорыбинка және Преснов май заводтарының коллективтері өздерінің жыл басында жасасқан жарыс шарттарында өндірістік жоспарларды үнемі артық орындап отыруды атап көрсетті. Май өндірушілер бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындап та келеді.

Новорыбинка май заводы мереке қар-

саңындағы жарыс күндерінде жұмыстың барлық көрсеткіштері бойынша Преснов заводынан алда келеді. Мұнда сүт айырудың апрель айына арналған жоспары көзірдің өзінде 100 процент, сүт дайындау жоспары 105 процент орындалды.

М. ӘКІМЖАНОВ,

Екі аптада

Май мерекесін өндірістік татымды тартулармен қарсы алу жолындағы күрес барған сайын қыза түсуде. Кәсіпорындарында жұмысшылар коллективтерінің бейбітшілік пен еңбек мерекесіне зор өрлеу үстінде социалистік жарысты мейлінше өрістетуге келуді көздеп, қажырай

еңбек етіп жатқанын көреміз.

Темекі фабрикасының, тігін мастерскойының, сыра заводының жұмысшылары апрельдің екі аптасы бойына еңбек қарқынын ешбір бәсеңдетпей жұмыс істеді. Кәзір бұл коллективтер айлық жоспарды аяқтап келеді.

КОМБАЙНДАРЫН ӘЗІРЛЕДІ

Мамлют совхозының комбайншылары Е. Хрущев және Б. Лягустинов жолдастар Бірінші Майға дейін өз комбайндарын толық жөндеп болуға міндеттенген еді. Май құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштаса отырып, олар бұл

міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

Олар кәзір өз комбайндарын толық жөндеп болды. Бұл екі комбайнның екеуі де сапалы жөнделген деп табылды.

Г. СИНЯКОВСКИЙ,

хозшылар өнімді еңбек етіп, күндік жұмыс нормаларын ұдайы артығымен орындап келеді.

Пар мен зябті алдын -ала тырмалауда Интернационал МТС-нің осы колхоздары К. Ильясов жолдас басқарған трактор отрядының тракторшылары стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

Д. КҰРНИЛОВ.

Күздік егіс қоректендірілуде

Күздік егістен мол және тұрақты өнім алу үшін оны жергілікті және минералдық тыңайтқыштармен көктемде үстеп қоректендіру қажет. Бұл шараны мүмкін дегенше тез және сапалы өткізу керек.

Бұл жұмысқа Преснов ауданының жекелеген колхоздары ең қолайлы мерзімде кірісіп отыр. Күздік егісті көктемде үстеп қоректендіруге Сталин атындағы колхоздың егіншілері зор маңыз беріп, оны ұйымдасқан түрде бастады. Осының нәтижесінде мұнда 25 гектар күздік егіске үстем қорек берілді.

Сол сияқты, күздік егісті көктемде үстеп қоректендіру «Сталин жолы» колхозында да қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Екі колхоздың екеуінде де көктемгі дала жұмыстарының бұл участогі агротехникалық ережелерге сәйкес жүзеге асырылуда.

Б. КУНГУРЦЕВ,

Преснов МТС-нің участоктік агрономы.

Көпжылдық шөп егілді

Мал азығының берік қорын жасау мақсатымен Қыялы астық совхозының № 1 бөлімшесінің коллективі 600 гектар шабындықтар мен жайылымдарды осы бастан ерекше күтімге алды. Кәзір бұл жерлер ығалмен толық қамтамасыз етілді.

Бұрнағы күні бөлімше егіншілері бір жылдық шөп егуге кірісті. Бұл жұмысқа арнаулы трактор бөлінді. Совхоздың таңдаулы тракторшысы В. Иванов алғашқы сменаның өзінде 65 гектар жерге бір жылдық шөп егуге жетісті.

А. РАМАЗАНОВ.

Жегу өзелдері —мебель комбинаты
Булаев аудандық өндіріс комбинаты
Полудень аудандық өндіріс комбинаты
Преснов аудандық өндіріс комбинаты
Мамлют аудандық өндіріс комбинаты
Совет аудандық өндіріс комбинаты
Қалалық өндіріс комбинаты
Протез жасау мастерскойы
Таразы заводы

Облыстық жергілікті отын өнеркәсібі
Облыстық тұтынушылар саты (өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінен)

Қалалық сауда (өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінен)
Облыстық кәсіпшілік одағы

Оның ішінде артельдер:

«Кожхимик»

«Молот»

Сталин атындағы

«1 Май»

«Екпінді»

«Прогресс»

Солтүстік

Облыс колхоздарында жылғы 22 апрельге де

(Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	Егін аяқталуында	Шабындықтар мен мал жайылымдарында
Кокшетау	95	—
Преснов	85	32,9
Приешіп	80	63,5
Мамлют	48,6	83,6
Ленин	45,8	69,1
Булаев	44,8	—
Совет	42,3	45,6
Полудень	35,1	130,3
Соколов	29,8	—
Октябрь	24,6	67,2
Петропавл	24,4	12,1
	* * *	

Апрель айының екінші онкүндігінде облыс аудандарының басым көпшілігінде қар суын тоқтату жөніндегі жұмыстардың барысы бұрынғысына өте-өте қауіпсіз болды. Бұл онкүндікте қар суын тоқтатуда жұмыс істеген 31

трактор
он күн
орнына
суы то
татауға
мыс іст
мады, т
нылуын
көп рет
басшыла
трактор
ланды.
Жерді
сауға
ның ға
Сөйтіп,
әзірлен
әрең ж
байланы
рының
ғын си
Айта
дың, к
сында,
дарында

лер депутаттары облыстық оветінің IV сессиясы

ыстық Со-
ті. Сессия-
арғы Со-
гелі Керім

тқару ко-
в жолдас
дігіне де-
на депу-
йланды.

2 жылға
және 1951
орындалуы
бірауыздан

ық финан-
т Петров

деді ол,—
ан мемле-
ылығы бюд-
тті талқы-

ық және
іл қолжет-
іл дүние-
стың қуат

оциалистік
системада
рет айкын

—бейбітші-
Отанымыз-
лі.

не еңбекші
ртуы мей-
жеттердің
ығауы мен

лды. Об-
да бекітіл-
рісі жағы-
ысы жағы-
Бюджет-
арғы.

1 жылғы

тын онан әрі өркендеу ісінде елеулі та-
быстарға жетті. Біздің ауданда 1951
жылғы жергілікті бюджет кірісі жағы-
нан 730 мың сом арттырылып орындал-
ды. Өнеркәсіп орындары мен ұйымдардан
түсетін қаржы жергілікті бюджеттің
негізгі көзі болды.

—Алайда, —деді Яковчук жолдас, —
аудандық өндіріс комбинаты, «Қазақ-
станның 15 жылдығы» кәсіпшілік арте-
лиясы сияқты жергілікті өнеркәсіп орындары
бюджеттің қажетті түсімдерін қамтама-
сыз етпеді. Бұдан кейін ол бюджеттің
тың шығыс бөлігі 95,5 процент ғана
орындалғанын атап көрсетті.

Депутат Яковчук аудандық финан-
с бөлімінің қызметкерлеріне жеткілікті талап
қоймағаны, аппараттың жұмысында елеу-
лі кемшіліктерге жол бергені үшін об-
лыстық финан-с бөлімін және оның ме-
нгерушісі Петров жолдасын сынады. Депу-
тат сессиядан мектептер мен медицина-
лық мекемелерді күрделі жөндеуден өт-
кізу үшін босатылатын қаржыны көбей-
туді сұрады.

—Мамлют ауданы ауыл шаруашылы-
ғының еңбекшілері, —деді Мамлют аудан-
дық атқару комитетінің председатели,
депутат Демченко жолдас, —өткен жылы
егіннен мол өнім алу күресінде бірқатар
табыстарға ие болды. Мұның өзі астық
дайындау жоспарының мерзімінен бұрып
толық және артығымен орындалуына
қамтамасыз етті. Партиямыз бен үкметі-
міздің қамқорлығы арқасында ауыл шару-
ашылығын механикаландыру жақсарды,
мал шаруашылығының өнімділігі артты.

Алайда, бізде елеулі кемшіліктер де
жоқ емес. Қоғамдық мал шаруашылығы
үшін тұрақты мал азығы базасын жасау
мәселесі әлі толық шешілген жоқ.

Бұдан кейін Демченко жолдас 1951
жылғы жергілікті бюджеттің орындалуындағы
кемшіліктері туралы айтты.

дарды ағаш, цемент, кірпіш, әк сияқты
құрылыс материалдарымен жабдықтауды
жақсарту қажеттігіне тоқталды.

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі
депутат Щербанов жолдас мектептер жа-
нында көпшілік интернаттарды ұйымдас-
тыру қажет екендігін атап көрсетті.

Соколов аудандық Совет атқомінің
председатели Красовский жолдас колхоз-
дарды ірілендіру негізінде ақшалай кіріс-
тер мен бөлінбейтін қорлардың едәуір
артқандығы туралы айтты. Өткен жылы
аудан сауда ұйымдары аудан еңбекшіле-
ріне 1950 жылғыдан товарды едәуір
артық сатты. Бұл еңбекшілердің мәде-
ниеті мен экономиканың өскендігін ай-
тып сипаттайды.

Облыстық Совет атқомі председатели-
нің орынбасары Егорова жолдас жекеле-
ген ауыл-селолық Советтерді уақытылы
қаржыландырмағаны үшін финан-с оры-
ндарын сынады.

—Өткен жылы, —деді Егорова жол-
дас, — әлеуметтік-мәдени мекемелердің
кадрлармен жеткілікті толықтырылмауы
салдарынан едәуір қаржы менгерілмеді.
Бұл кемшіліктерді жою жөнінде облыс-
тық оқу және денсаулық сақтау бөлімде-
рі де қажетті шаралар қолданған жоқ.

—Біздің елімізде, —деді Қарағаш
жетіжылдық мектебінің мұғалімі,
депутат Тастанбекова жолдас, —оқу-
ағарту ісіне ерекше назар аударылады.
Ленин ауданының өзінде соңғы жылда-
ры жаңадан 5 жетіжылдық және бір
орта мектеп ашылды. Тастанбекова жол-
дас мектептерді оқытушылар кадрлары-
мен кезінде толықтырып отырмағаны
үшін облыстық оқу бөлімін қатты сы-
нады. Сол сияқты, ол еңбекшілердің
және мектеп оқушыларының денсаулы-
ғын сақтау ісінде елеулі кемшіліктерге
жол бергені үшін облыстық денсаулық
сақтау бөлімін сынады. Тастанбекови-

СОТА-ның жауабы

Индияның «Навбхарат Таймс» газеті
жақында Индияның ССРО-дағы бұрынғы
елшісі Радхакришнан мырзаның быйылғы
жылы 5 апрельде елші өзін И. В. Сталин-
нің қабылдағаны жөнінде Индия премьер-
министрі Неру мырзаға баяндама жаса-
ғандығы туралы хабар жариялады. Газет-
тің мәлімдеуі бойынша, И. В. Сталин
бейбітшілікті қолдаудың жолдары мен
амалдарын талқылау үшін төрт мемлекет-
тің —Совет Одағының, АҚШ-тың, Анг-
лияның және Францияның басшыларының
кеңесін шақыру жоспарын жасапты-мыс

делінген. Мұнымен қатар хабарда, И. В.
Сталиннің Индия елшісі Радхакришнан
мырзамен өңгімесі кезінде быйылғы жыл-
дың июнінде немесе июліде Неру мырза
Сталинмен кездесіп, жоғарыда айтылған
жоспарды талқылау үшін Москваға жүре-
ді деп ұйғарылды-мыс деп көрсетілген.

СОТА «Навбхарат Таймс» газетінің
таратып отырған жоғарыда баяндалған
хабары ойдан шығарылған хабар болып
табылатындығын және ешбір негізсіз
екенін мәлімдеуге өкілдік алды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 23 апрель. (СОТА). Корея
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиясі бү-
гін Халық армиясының құрамалары қы-
тай халық еріктілері бөлімдерімен бірге

се тығыз қыймыл жасай отырып, қорға-
ныс ұрыстарын жүргіздеу болды, америка-
ағылшын интервеністері мен лисья-
маншыл әскерлерді үлкен шығындарға
ұшыратты деп хабарлады.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармаларын бастырып шығару

КОПЕНГАГЕН, 22 апрель. (СОТА).
Түен баспасы Карл Маркс пен Фридрих
Энгельстің 2 томдық таңдамалы шығар-
маларының жыйнағын басып шығарды.

Бұл жыйнақта К. Маркс пен Ф. Энгельс-
тің бұрын дағ тіліне аударылмаған бір-
қатар шығармалары бар.

АНРИ МАРТЭНДІ АЗАТ ЕТУ
ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

ПАРИЖ, 22 апрель. (СОТА). Бейбіт-
шіліктің ұлттық советі 19—20 апрельде
болған өзіннің сессиясында бірауыздан
қарар қабылдады, бұл қарарда былай
делінген.

«Бейбітшіліктің ұлттық советі Индо-
Қытайда бейбітшілік орнату жолындағы
күрестің батыры Анри Мартэнге туысқан-
дық сәлем жолдап, оны босату жолына
бүкіл елде күрес жүргізуге салтанатпен
міндеттенеді».

ЖАПОН ӘЙЕЛДЕРІ БЕЙБІТШІЛІКТІ
ҚОРҒАУ ЖОЛЫНДА

ТОКИО, 22 апрель. (СОТА). «Фудзиро
Минсю Симбун» газетінің хабарына қа-
рағанда, жақын арада Осакада әйелдер-
дің бейбітшілікті қорғау жолындағы ми-
тингісі болған. 1200 жұмысшы әйелдер
мен үй шаруасындағы әйелдер қатысқан
бұл митингте соғыс хауіпне қарсы күрес-
ке, әскери міндеттілікті ендіруге қарсы
үндеуге қол қойдыру науқанын өткізуге
шақырған қарарлар қабылданған.

орындарында басшы қызметтер атқарып, «Алтайполиметалл» жамбинатының бас инженерінің орынбасары және техникалық бөлімінің бастығы, рудник директоры, бұдан кейін Лениногор кен басқармасының директоры болып істеді.

Д. А. Қонаев 1942 жылдан бері Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары болып істеп келеді. Бұл қызметте ол республиканың ауыр өнеркәсібіне басшылық жасау жөнінде зор ұйымдастырушылық қабілет көрсетті.

Д. А. Қонаев зор мемлекеттік жұмысты күрделі ғылыми жұмыстармен ұштастырады. Ол 1948 жылы «Қоңырат руднигінің жағдайында бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізудің ең тиімді әдістерін анықтау» деген еңбек жазып, кандидаттық диссертация құрады. Д. А. Қонаевтың жарияланған 15 тең аса еңбегі бар. Олардың ең маңыздылары бұрғылау-жару жұмыстары мәселелеріне және полиметалл шығатын жерлердегі ашық жұмыстар әдістеріне арналған. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен «Зырян кен шығатын жерлерінің жағдайында ашық жұмыстарды қолдану мүмкіншіліктерін зерттеу» сыяқты зор жұмыс істелді, мұны СССР үстегі металлургия Министрілігі өндірісте қолдануға қабылдады, мұнымен бірге, Міргальмсай полиметалл кен шығатын жері жөнінде де сондай жұмыс аяқталып, Министрліктің қарамағына берілді.

Д. А. Қонаев 1927 жылы БКЖО қатарына өтті, 1939 жылдан бері БК(б)П мүшесі. Ол қалалық және облыстық басшы партия органдары құрамына бірнеше рет сайланды. Республика большевиктерінің V съезінде Қазақстан Б(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Д. А. Қонаев — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші және үшінші шақырылуының депутаты.

Отан алдындағы еңбегі үшін Қонаев жолдас ССР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған.

Бұл жеті қарастырылған барлық қаржылардың 78,3 проценті жұмсалады. Бұл цифр партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің білім алуына, олардың денсаулығын сақтауға жасап отырған орасан зор қамқорлығын көрсетеді.

—Бюджеттің ойдағыдай орындалуы, — деді сөзінң қорытындысында Петров жолдас, — совет халқының Отанымыздың қуатын нығайта беру ісіне қосқан жана үлесі болып табылады.

Бұл мәселе бойынша бюджет комиссиясының председателі депутат **Девятко** жолдас қосымша баяндама жасады.

Председательдік етуші Марьевка ауруханасының дәрігері депутат **Яковчук** жолдасқа сөз берді.

—Октябрь ауданының еңбекшілері, — деді ол, — өткен жылы ауыл шаруашылығын

менгерушісі Петров жолдасы сынады.

Бұдан кейін Савин жолдас сессияға қаланы көркейту жөнінде қандай жұмыстар істеу керек екенін баяндады. Ол Карл Маркс көшесіне тас төсеу жұмысын оған әрі жүргізуге рұқсат беруді сұрады. Мұның өзі негізінен жүк тасу жұмыстарын Ленин және Сталин атындағы көшелерден ауыстыруға мүмкіншілік береді. Бетондалған 15 көпір құрылысын бастау қажет, өйткені, ағаш көпірлер тез тозып, қатардан шығады. Бұдан кейін ол Ленин көшесін асфальттау және Есіл үстіне үлкен көпір салу жөнінде мәселе қойды.

Киров астық совхозының директоры депутат **Дьяченко** жолдас қорамдық мал басын өсірудегі кемшіліктердің себептері туралы айтты. Сонымен қатар, колхоз-

МТС-тердің көктемгі егіске әзірліктегі кемшіліктеріне тоқталып, МТС-тердің колхоздармен жасасқан шартында аялған міндеттемелерін орындай алмауының себептерін талдады.

—Облыс еңбекшілерінің, — деді сөзінң қорытындысында Оспанов жолдас, — 1952 шаруашылық жылын ойдағыдай аяқтайтындығы, сөйтіп, бюджетті кірісі және оның шығысы жөнінен орындауды қамтамасыз ететіндігі күмәнсіз.

Жарыссөзді тоқтатып, бюджетті бекітуге кірісу жөнінде ұсыныс енгізілді, ұсыныс бірауыздан қабылданды. Сессия облыстың 1952 жылға арналған бюджетін статъялар бойынша жеке-жеке бекітті. Осымен еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің IV сессиясы өзінің жұмысын аяқтады.

малын талап- таражт уашылық артелінің У бузған. Ол «Комсомо койды ақысыз және 7 бағамен алған. Ғабду колхозынан 1 койды мыс жасаушы тұтқынді лікті талап- таражт с Жоғарғы Советі Пж жылғы 4 июньдегі Указ йынша және қызмет ғаны үшін РСФСР 109-статьясы бойын Облыстық сот Ғабдуз еркінен айыруға. мү үкім шығарды.

Оңтүстік Қазақстан аудандық атқару коми орынбасары болып іс пар өзінің қызмет ба Жамбыл атындағы ко соғымға сойған. Соң дап колхоздардан 5 м пайдаланып кеткен. К Сотының қылмысты і коллегиясы Налневті

Республикалық екінші сыйлық

Қазақстан кәсіпшілік Советі бойынша өткізілген көркемөнер дарындыларының республикалық байқауына қатысқан қаламыздың бір топ көркемөнершілері жуырда Алматыдан қайтып келді. 33 адамнан құралған хор Сталин туралы, «Бейбітшілік туы астында» әндерді орындады.

«1 Май» артелінің мүшесі Александрова «Менің туған елім», «Екпінді» артелінің бас кшім тігушісі Ғанеева татар әнін, Серазитдинова башқұрт биін, Қуанышбаева жастар биін және өзбектің «Фабрика» әнін орындады.

Қорытынды концертте қала көркемөнершілері орындаған хормен бірге, Чехословак биін, Қуанышбаева мен Ғанееваның орындаған әндерін зрительдер сүйсіне тыңдады.

Петропавлдыктар байқауда сыйлыққа бағалы заттар алды. Қазір көркемөнершілер коллективі көркемөнер дарындыларының Бүкілодақтық байқауына қатысуға әзірленіп жатыр.

РАДИО ОРНАТЫЛДЫ

Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелі (Октябрь ауданы) жуырда радиоқабылдағын сатып алып, оны колхоз басқармасының кеңсесіне орнатты.

Колхоз мүшелері күн сайын кешке кеңсеге жыйналатын болды. Олар жұмыстан бос уақыттарын радио арқылы еліміздің астанасы Москвадан және басқа да қалалардан берілген жаңалық хабарлар мен концерттер тыңдауға бөледі.

Т. НУРҚАНОВ.

Құрылыс бригадалары

Құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспары бойынша үстіміздегі жылы Токшын совхозында бірнеше мал қорасы, төл үйлері, жұмысшылар үшін тұрғын үйлер, қорамдық монша салу қарастырылған болатын. Бұл жұмыстарға 61 адамнан үш құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, құрылыс салу әзірлігі қолға алынды. Құрылысшылар кірпіш заводын үлкейту жұмыстарына кірісті. Құрылысқа керекті 500 текшеметр ағаш әзірленді.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Жұмысшылар кітапханасы

Өткен жылы қаладағы Орталық электр станциясының жұмысшылары мен қызметшілері үшін кітапхана ашылған еді. Ол жаңадан салынған қызыл мүйіс үйінің бір бөлмесінде жұмыс істейді. Қазір кітапхананың кітап қоры 2 мыңнан асады. Онда саяси, көркем әдебиет және балалар әдебиеттері бар. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында жаңадан 700 кітап сатылып алынды.

Қазір кітапхананың тұрбашы машинашы Лапуанский, қызметкер Носова, ұсталар бригадасының бригадирі Родичев сыяқты үзбей кітап алып оқыйтын тұрақты кітап оқушылары бар.

Жуырда кітапханада Поповтың «Құрыш және коксы» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Бұған 80 адам қатысты.

Қазір кітапхана қызметкерлері сұрақтар мен жауаптар кешін өткізуге әзірленіп жатыр.

«УДАРНИК» ки

Бүгін және күн сай

«ТАҒЫ Б

деген көркемсуретті

Сеанстар сағат 8-10

1952 жылғы 2 қала азаматтарының Малды баққан кассасына 100 сом Аванс төлеуші өткізген туралы тіркеуден өткізген. Баққан үшін даибабды.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редактордың орынбасары — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың орынбасары — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың орынбасары — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың орынбасары — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың орынбасары — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың орынбасары — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың орынбасары — 1-100. Газет баспасы — 0.22, газет табыс еті.